

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ

РАЗВИТИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ СЕЛА

DEVELOPMENT OF RURAL SOCIAL INFRASTRUCTURE

А.Ж. НУКЕШЕВА¹

э.ғ.к., доцент

Г.А. САЙМАГАМБЕТОВА²

э.ғ.к., доцент

Ш.И. КОСЫМБАЕВА¹

PhD докторанты

¹С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

²Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті

А.Ж. НУКЕШЕВА¹

к.э.н., доцент

Г.А. САЙМАГАМБЕТОВА²

к.э.н., доцент

Ш.И. КОСЫМБАЕВА¹

докторант PhD

¹Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина

²Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова

A.ZH. NUKESHEVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

G.A. SAIMAGAMBETOVA²

C.E.Sc., Associated Professor

SH.I. KOSSYMBAYEVA¹

PhD student

¹S.Seifullin Kazakh Agro Technical University

²Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov

Аңдатпа. Ауыл халқының өміртіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығы анықталды. Осы мәселе бойынша отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектері қаралды. 90-шы жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейінгі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі көрсетілген. Статистикалық деректер негізінде соңғы 25 жылда республиканың ауылдық жерлерінің әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерін пайдалануға беруді енгізу серпіні талданды. Денсаулық сақтауда әлеуметтік инфрақұрылым құру және халықтың бос уақытын ұйымдастыру бойынша мәселелер анықталды. Жекелеген жас топтары бойынша қала және ауыл тұрғындарының құрылымы келтірілген. Қалалық және ауылдық өмірдің неғұрлым тартымды жақтары анықталды. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін талдау негізінде басты мәселелер анықталды: олардың санының қысқаруы, еңбекке қабілетті халықтың қалаға көшіп-қонуының жыл сайынғы өсуі, білім беру және денсаулық сақтау салаларында жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі. Авторлар ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту жолдарын ұсынды.

Аннотация. Определена значимость развития социальной инфраструктуры сельских территорий как одной из важных отраслей экономики, направленной на обеспечение жизнедеятельности сельского населения. Рассмотрены научные труды отечественных и зарубежных

саулық сақтау саласы қызметкерлерінің білімі мен жалпы мәдениетінің төмен деңгейі болып тұр [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ауыл үшін әлеуметтік инфрақұрылымның маңызы орасан зор: ол жұмыс орындарын, білім алу және денсаулық сақтау үшін жағдайларды, білікті мамандарды тартуды қамтамасыз етеді; өндірістік шығындарды азайтуға, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, сондай-ақ жұмысбастылықтың баламалы түрлеріне әсер етеді; ол белгілі бір аумақ ширегінде өмірлік аясын және нәтижесінде халықтың демографиялық және әлеуметтік ұдайы өсіп-өнуін қалыптастырады.

Қазіргі заман жағдайында әлеуметтік инфрақұрылым қоғамның экономикалық және әлеуметтік тиімділігінің маңызды факторы, адамның ұтымды өмір сүруі үшін материалдық мүмкіндіктерді қолдануының тереңдігі мен кеңдігінің көрсеткіші, сонымен қатар мемлекет экономикасының әлеуметтік бағдарлану деңгейінің көрсеткіші болып табылады [4].

Әлеуметтік инфрақұрылымның маңыздылығын, ауыл тұрғындарына қажеттілігін айқындауға ғылыми тұрғыдан айтарлықтай

үлес қосқан шетелдік және отандық ғалымдар: Кожевников К., Кухтин П.В., Тылл Л., Есенгельдин Б.С., Мухамедиева Г.М., Здунов А.А., Фатхуллина, Л.З. және т.б. Осы ғалымдардың еңбектерінде ауылдық жерлердегі әлеуметтік инфрақұрылымның халықтың тұрмыстық жағдайына, сонымен қатар ауыл шаруашылығының дамуына оң әсерін тигізетіндігі теориялық және тәжірибелік талдау арқылы қорытындылар мен ұсыныстар келтірілген.

Зерттеудің ақпараттық базасын отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстары, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің Статистика комитеті мәліметтері құрады. Зерттеу әдістері статистикалық және монографиялық болып табылады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстан Республикасының демографиялық 2016 жылдың жылнамасының мәліметтері бойынша, ауылдағы жаңа объектілер пайда алуға бағытталу негізінде пайда болады – бұлар көбінесе сауда нысандары. Ал әлеуметтік маңызды объектілердің жүзеге асырылуы тым төменгі деңгейде жүргізіледі (1 кесте) [5].

1 кесте – ҚР ауылдық жерлерде әлеуметтік-мәдени бағыттағы нысандарын пайдалануға беру серпіні

Инфрақұрылым объектілері/ жылдар	1990	1995	2000	2014	2015	2016	2016 келесі жылдарға қарағанда	
							1990	2015
Жалпы білім беру мектептері, мың оқу орны	38,8	1,3	5,6	76	75	59	20,2	-16
Мектепке дейінгі мекемелер, мың орын	14,8	1,3	-	61	35	20	5,2	-15
Клубтар мен мәдениет үйлері, мың орын	11,7	0,05	-	-	-	-	-	-
Ауруханалар, керует	748	444	-	1	-	-	-	-
Амбулаторлық- поликлиникалық ұйымдар	3376	75	206	164	47	31	-3345	-16
Ескерту: [5 дерек көзінен қараңыз]								

Берілген 1 кестеде көрсетілгендей, 2016 жылы Қазақстан Республикасында ауылдық жерлерде әлеуметтік-мәдени бағыттағы нысандарды пайдалануға беру серпіні бойынша 1990 жылға қарағанда білім беру мектептерінің өсімі 34, 24%-ды, мектепке дейінгі мекемелер 26%-ды құрайды. Амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдар 26 жылда 1990 жылғы 3376-дан 2016 жылы 31-ге дейін кеміген. Ауруханалар бойынша мәліметтер 1990 жылы 748 керу-

ет орнынан, 1995 жылы 444 болып екі есе азайғанын, яғни 68,47%-ға азайғанын көрсетеді. Соңғы онжылдықта 2014 жылы 1 ғана аурухана пайдалануға берілген, бұл ауылдық жерлерде амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдардың құрылысына басымдық берілгенін айғақтайды, себебі ауруханалардың құрылысы көптеген қаражатты және білікті мамандардың тартылуын талап етеді. 2015 жылға қарағанда 2016 жылы әлеуметтік инфрақұрылым

Социальные проблемы села

объектілерін енгізу саны керісінше білім беру мектептерінің 16 мың оқу орнына, мектепке дейінгі ұйымдардың 15 мың орынға, амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдардың 16-ға азайғанын көрсетті. 2014 жылы жалпы білім беру мектептері, мектепке дейінгі мекемелер, амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдар бойынша жақсы көрсеткіштер келтірілген. Мұндағы өсу қарқыны алдымен әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуымен байланысты. Сонымен бірге, соңғы жылдары ауылдық жерлерде ауруханаларға қарағанда амбулаторлық-поликлиникалық ұйымдарға ар-

тықшылық берілгенін байқауға болады. Клубтар мен мәдениет үйлері бойынша статистикалық мәліметтердің жоқтығын айта кету керек, өйткені ойын-сауық саласы коммерциялық қызметтерге біртіндеп өтуде, ал егер болса да, көбінесе негізінен аудан орталықтарында шоғырланған.

Соңғы жылдары статистикалық көрсеткіштерге сәйкес (жекелеген жас шамасына қарай бөлінуі бойынша халықтың құрылымы) ауыл халқына қарағанда еңбекке қабілетті халқының құрамындағы жастардың санының азайып отырған қала халқы өсімі байқалуда (2 кесте) [6].

2 кесте – ҚР жекелеген жас шамасына қарай бөліну топтары бойынша қала және ауыл халқы құрылымы (мың адам)

Жасы	2014			2015			2016		
	қала-лық	ауыл-дық	ауыл-дық/қала-лық, %	қала-лық	ауыл-дық	ауыл-дық/қала-лық, %	қала-лық	ауыл-дық	ауыл-дық/қала-лық, %
Барлығы	9433,5	7727,3	82	9868,6	7549,0	76	10066,5	7604,0	76
1-4	774,4	679,6	88	818,1	666,2	81	845,9	672,3	79
5-9	727,2	751,3	103	812,5	747,2	92	873,8	775,4	89
10-14	541,3	601,23	111	588,6	601,2	102	617,4	616,4	100
15-19	589,5	639,63	109	582,2	586,0	101	571,2	561,2	98
20-24	899,7	650,2	72	866,9	629,2	73	805,0	621,1	77
25-29	941,2	652,7	69	1000,4	622,9	62	1032,4	609,5	59
30-34	766,9	556,7	73	817,1	548,7	67	843,1	559,7	66
35-39	677,3	518,6	77	707,6	502,0	71	726,5	504,7	69
40-44	628,5	484,1	77	654,3	473,7	72	657,9	474,9	72
45-49	579,8	461,4	80	591,9	440,8	74	600,9	441,4	73
50-54	594,6	461,2	78	612,2	451,6	74	602,3	445,3	74
55-59	467,4	357,9	77	497,6	362,5	73	530,0	384,31	73
60-64	363,0	263,7	73	383,16	267,8	70	392,3	275,1	70
65-69	212,1	145,9	69	254,76	165,1	65	291,1	188,7	65
70-74	187,8	141,0	75	162,76	117,9	72	141,8	101,1	71
75-79	158,6	109,7	69	176,7	116,9	66	186,4	125,1	67
80-84	70,1	44,4	63	69,5	43,1	62	717,4	43,5	61

Ескерту: [6 дерек көзінен қараңыз]

2 кестеге сәйкес 2014 жыл мен 2016 жылдар аралығында ауылдық жерде, сондай-ақ қалалық жерде де мектеп жасындағы және мектепке дейінгі жастағы балалардың санының артуы байқалады, бұл өз кезегінде жалпы білім беру және мектепке дейінгі мекемелердің санын арттыру қажеттілігін көрсетеді. Сонымен бірге жекелеген жас шамасына қарай бөліну топтары бойынша қала және ауыл халқы құрылымы бойынша 25 жастан 29 жас дейінгі аралықтағы жастардың ауылдық жерде қаламен салыстырғанда жыл сайын азаюда, ал қалада көбеюде.

Ауылдан жұмысқа қабілетті жастардың кетуі ауылда жақсы еңбекақысы бар жұмыс түрлерінің болмауымен, өзін дамыту үшін бос уақытты арнау объектілерінің жетіспеушілігімен, соның әсерінен қалаға кетулерімен байланысты болып отыр. Ауылда сапалы тұрмыс жағдайларының болмауы халықтың қалаға жаппай кетуіне әкелді. Еңбекке қабілетті ауыл халқының жаппай кетуі әлеуметтік маңызды әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің таратылып жойылуына әкелетіндігі де анықталды.

Дәл осы әлеуметтік инфрақұрылымның жетістіктерін пайдалану мүмкіндігі ауыл-

дық-мигранттарға қаланың тұрмыс сипатын қызықты етіп отыр. Берілген жағдайда қалалық өмірдің қызықтыратын тараптары

ауылдық өмірдің қызықты жақтарын басып озды деп айтуға болады (3 кесте).

3 кесте – Ауыл халқының пікірінше қалалық және ауылдық өмірдің қызықтыратын тараптары

Қалалық өмірдің қызықтыратын жақтары	Ауыл өмірінің қызықты жақтары
Тұрмыстық жағдай	Табиғатқа жақын болу
Жақсы білім мен медициналық қызмет көрсетулердің мүмкіндігі	Өз жеке үйі мен шаруашылықтың болуы
Өзін-өзі танытуға үлкен мүмкіндіктер	Тыныш өмір ағымы, экологиялық таза тамақ өнімдері
Мәдени ойын-сауық орталықтарға жақын болу	Адамдар арасындағы ашық қарым-қатынас
Балаларға білім беру мен тәрбиелеудің жағымды жағдайлары	Жастарды қолдау бойынша әлеуметтік бағдарламалар
Ескерту: автормен құрастырылған	

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бойынша шараларды жүзеге асырудағы мақсат ауыл тұрғындарының өмірін жақсарту болып табылады. Мұнда ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдіру проблемаларына жүйелі көзқарасты өзекті қылу қажеттілігін айта кету керек. Оны тек қана инженерлік құрылыстарды дамыту деп қарауға болмайды. Бұл материалдық-экономикалық проблемаларды ғана емес, сонымен бірге қоғамның ішкі жүйесі ретінде ауылдың әлеуметтік ұйымын құрайтын мәдени-рухани институттарды да қозғайды. Сондықтан инфрақұрылымды жетілдіру сұрағын ауыл өмірінің басқа да мәселелерімен байланыста қарастыру керек.

Жоғарыда аталғандардан шыға отырып, ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын жетілдірудің негізгі жолдары ішінде келесілерді қарастыру қажет: белгілі дәстүрлілігіне қарамастан, маңызды шараларға басты базалық қажеттіліктерді қанағаттандыру міндетін шешетін, жеке қосалқы шаруашылықтағы еңбек жүктемесін азайтатын және бос уақытын тиімді пайдалануға көмектесетін еңбекақы деңгейін көтеру жатады; ауылда тұруға және еңбек етуге түрліше ынталы жекелеген жас шамасына қарай бөлінетін топтардың мінез-құлқы мен тәртібі қарқынын есепке ала отырып ауылдың әлеуметтік-демографиялық құрылымын оңтайландыру үшін жағдайлар жасау; инфрақұрылым объектілерінің саны мен әртүрлілігін ұлғайту; ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымы мәселелерін шешуде жергілікті өзіндік басқару органдары рөлін арттыру.

Ауылдағы өмір сапасын жетілдіру мен инфрақұрылымды жетілдірудің жолы – бұл ауылдың әлеуметтік-демографиялық құрылымын оңтайландыру үшін жағдайлар жасау. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық

қалыс қалуының негізгі себебі қалаға көшу болып табылады, бұл дұрыс та. Көшіп кету себептері: жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, әсіресе жастар арасында, еңбек ақының төмен мөлшері, білім мекемелерін, денсаулық сақтау ұйымдарын оңтайландыруды жүргізу (әйелдер жұмыссыздығы); мәдени-сауық көтеру түріндегі объектілердің жетіспеушілігі. Бұл жұмыстарды жастардың мәселесін шешуден бастау керек. Ауылдың болашағы жастардан, жастардың басшылыққа алатын мақсаттары және құндылықтарынан тікелей тәуелді екендігін жоққа шығаруға болмайды. Олар үшін ауыл өмірі егер де тек қана жақсы үй, дұрыс еңбекақы алудың, кәсіби өсудің келешегі болуының нақты мүмкіндігі болса ғана қызықты тартымды болмақ.

Шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерінде ауыл халқының негізгі өмірлік құндылықтары келесідей болып айқындалған: жанұя; материалдық ауқат; қызықты жұмыс; білім; алаңсыз тіршілік; табыстардың көптігі.

Ауылдың әлеуметтік-демографиялық құрылымын тұрақтандыру үшін және кадрлық қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін қазіргі таңда жастарға арналған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы («Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 6 қараша 2014 жылғы №72 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады). Бағдарламаның басты мақсаты ауылды жаңғырту, ауылдағы кадрлар жетіспеушілігі мәселесін шешу болып табылады. Бұл Бағдарлама аясында осы жылдары ауыл-

дарға алты мыңнан астам жас мамандар жіберілді. Алайда жыл сайын бағдарлама арқылы бөлінетін қаражатты пайдаланып, кейін ауылдан кетіп қалып жатқан жастардың саны көбеюде.

Қазірде ауылдық аумақтарға қатысты мемлекеттік және аймақтың деңгейлерде нақты белгіленген демографиялық саясат, ауыл халқының табиғи кетуін алмастыратын ықпалды тетікті жасауға бағытталған миграциялық бағдарламаларды жүзеге асыру механизмдері жоқ. Бұл процесті тоқтату немесе тұрақтандыру өте күрделі. Еңбек ресурстарының ұдайы өсіп-өнуі базасының бұлай қатты тартылуы ауыл экономикасының барлық салаларындағы еңбекке қабілеттілік пен кадрлық жағдайға жағымсыз әсерін тигізеді. Сондықтан әлеуметтік-демографиялық процестерді оңтайландыру бойынша шараларды қабылдау қажеттілігі туындайды, олардың көмегімен мемлекет елдегі демографиялық жағдай қарқынын, сондай-ақ тұтастай аймақ бойынша ғана емес, жекелеген ауыл аудандары мен кішігірім қалалардағы халықтың тұрмыс сапасын қарастыра отырып, кешенді әлеуметтік, экономикалық, этнографиялық зерттеулер негізінде жасалған арнайы аймақтық бағдарламаларды үйлестіреді. Денсаулық сақтау жүйесіне әлеуметтік жұмыстар бойынша мамандарды, психологтарды интенсивті ендіру қажет, өз кезегінде олардың қызметі жүкті әйелдер мен олардың отбасыларын қолдауға бағытталған барлық мекемелердің күшін құрылымдастырып үйлестіреді.

Әлеуметтік инфрақұрылым өзінің негізгі функцияларын орындау үшін жағдайлар жасай алады: оның мүшелерінің экономикалық, репродуктивті, тәрбиелік, өмірді қорғау және барлық жағынан дамыту үшін; әртүрлі өмірлік мақсаттарымен жанұяда, еңбек қызметінде міндеттерді біріктіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету; балалардың туылуы және тәрбиеленуі үшін жақсы жағдайларды жасау.

Әрине, әрбір ауылды спорттық кешенмен қамтамасыз ету мүмкін емес, сондықтан көпфункционалды ауылдық мектептерге баса назар аудару қажет. Әлеуметтік бағдарламалар ширегінде спорт залдарының жөндеу жұмыстарын қаржыландыруға немесе жазғы және қысқы спорт түрлеріне орай жаңа құрал-саймандарды алуға болады. Берілген нысандардың болмауын келесідей орнын толтырумен алмастыруға болады: халықтың егде жастағы құрамын қатыстыра отырып жаппай спорт түрлерін дәріптеу; спорттық-

мерекелік шараларды ұйымдастыру; са-лауатты өмір салты бойынша сабаққа қатысушыларды ұйымдастыру.

Ауылдағы денсаулық сақтаудың аудандық буынын бекітумен қатар бағдарламалық шаралар қатарында мыналарды қарастыру керек: ауылдық учаскелік ауруханалар желісін дамыту, ауыл халқына фельдшерлік-акушерлік пункттері негізінде алғашқы медициналық көмек көрсетудің нормативтік қолжетімділігін қамтамасыз ету; жедел медициналық көмектің қолжетімділігі; ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарын дәрігер кадрларымен және орта медициналық персоналмен жасақтау, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту; жұмысшылар үшін санаторий-профилакторий жүйесін дамыту, ауыл тұрғындарын жүйелі диспансерлеу мен медициналық қызмет көрсетудің мобильді және дистанциялық қашықтықтан қосу түрлерін ұйымдастыру, ауыл тұрғындарына үлкен ірі қалалардың медициналық орталықтарын іс жүзінде қолжетімді ету (орындарды квота арқылы үлестеу негізінде).

Ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетулерді, ауру түрлерінің алдын алуды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша ғана шараларды қарастырып қана қоймай, сонымен бірге біріккен еңбек жүктемелерін нормалау, санитарлық-гигиеналық жағдайлар мен еңбекті қорғауды жақсарту, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз өндірістік ортаны қалыптастыру, кәсіптік ауруларды төмендету бойынша шараларды да қарастыру қажет.

Осылайша, ауылдағы денсаулық сақтауды дамытудың басты міндеті тұрғындарға медициналық қызмет көрсету мен емдік-диагностикалық процестердің сапасы мен тиімділігін, қолжетімділігін жоғарылату, ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді барынша жақындату болады [7].

Тұжырымдар.

1. Біздің ойымызша, аудандар әкімшілігі деңгейінде халыққа әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қажеттілігін бақылау мақсатында мониторинг жүйесін енгізу әбден мүмкін. Мониторинг әлеуметтік инфрақұрылымның нақты нысандарын құру бойынша мақсаттар мен міндеттерді дәл және тиімді анықтауға мүмкіндік береді. Соның негізінде болашақ инфрақұрылым нысандарының сипатын беретін жоспар жасақтауға болады. Жоспарлаудың артықшылығы әрдайым болып тұратын өзгерістерге бейімделуінде. Осыған орай жұмыс процесінде өзара байланысты

жағдайлар мен факторларды есепке ала отырып түзетулер енгізуге болады.

2. Қаражаттардың шектеулілігі жайында ең күрделісі ауыл тұрғын-дарының мүдделері мен қызығушылықтарына толықтай сәйкес келетін, шаруа отбасының барлық мүшелерінің өндірістік белсенділігін ынталандыратын, салауатты өмір салтын ұстану мен жеке тұлғалық шығармашылық әлеуетті дамытуда адамдардың қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ете алатын ауылдың әлеуметтік дамуының басымдықты бағыттарын таңдау болып табылады. Ауыл аймағының әлеуметтік аясын дамытудың тиімді құралдары ретінде келесі мақсатты бағдарламалар жақсы жағынан танылды.

3. Ауылдың инфрақұрылымын жақсартудағы мемлекеттің соңғы құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы, «Ақ бұлақ» бағдарламасы, «Өңірлерді дамытудың 2020 дейінгі бағдарламасы» және т.б. Бұл Бағдарламалар экономиканы, өнеркәсіпті, әлеуметтік саланы, қоғам өмірін жақсарту мен дамыту аясында шаралар мен іс-әрекеттер жүйесіне негізделген, институционалдық негіз бен жағдайларды жасақтауға бағытталушы жасақталған және келісілген экономикалық механизмдерді көрсетеді. Жасақталған мақсатты бағдарламаның басты мақсаты экономиканың, мемлекеттің және қоғамның басымдықты және проблемалық жақтарына қаржы ресурстарын шоғырландыру және бағыттау болмақ.

4. Қорыта келгенде, ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту үшін қажетті әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру жолдарының басты бағыттары бұл әлеуметтік инфрақұрылым саласын жаңартудың жалпы процесінде өзара тығыз байланыста болатын құрылымдық элементтер болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кожевников К. Казахстан: деградация в цифрах. [Электрондық ресурс]. -2016.-URL:<http://rabkor.ru/columns/analysis/2016/07/04/kazakhstan/> (айналым мерзімі 12.03.2018).
- 2 Кухтин П.В. Инфраструктура муниципальных образований: учебное пособие. - М.: КНОРУС, 2008. – 208 с.
- 3 Аналитика. Проблемы развития казахстанской экономики. [Электрондық ресурс].-2016.-URL:[http://www.civ-def.org/710-problemy-](http://www.civ-def.org/710-problemy-razvitiya-kazahstanskoy-ekonomiki.html)

razvitiya-kazahstanskoy-ekonomiki.html (айналым мерзімі 15.03.2018).

4 Тылл Л., Есенгельдин Б.С., Мухамедиева Г.М., Тылл Л. Әлеуметтік инфрақұрылымының тұрақты даму механизмдері. [Электрондық ресурс] - 2017. - URL: <http://group-global.org/ru/publication/54113-leumettik-in-fra-kurylymnyn-turakty-damu-mehanizmderi> (айналым мерзімі 08.05.2018).

5 Промышленность, сельское хозяйство и строительство Казахстана за 1920-2000 годы. Стат. сб. Комитета по статистике МНЭ РК. - Алматы, 2001.- 112 с.

6 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. - Астана, 2016.- 195 б.

7 Фатхуллина Л.З. Социальная инфраструктура и основные пути ее совершенствования. [Электрондықресурс].- 2011.- URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-infrastruktura-sela-i-osnovnye-puti-ee-sovershenstvovani> (айналым мерзімі 07.02.2018).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Kozhevnikov K. Kazakhstan: degradacija v cifrah. [Jelektrondық resurs]. -2016.-URL:<http://rabkor.ru/columns/analysis/2016/07/04/kazakhstan/> (ajnalym merzimi 12.03.2018).
- 2 Kuhtin P.V. Infrastruktura municipal'nyh obrazovanij: uchebnoe posobie. - M.: KNORUS, 2008. – 208 s.
- 3 Analitika. Problemy razvitija kazahstanskoy jekonomiki. [Jelektrondық resurs].-2016.-URL:<http://www.civ-def.org/710-problemy-razvitiya-kazahstanskoy-ekonomiki.html> (ajnalym merzimi 15.03.2018).
- 4 Tyll L., Esengel'din B.S., Muhamedieva G.M., Tyll L., Esengel'din B.S., Muhamedieva G.M. Әleumettik infraqurylymnyuң tуrakty damu mehanizmderi. [Jelektrondық resurs] - 2017. - URL: <http://group-global.org/ru/publication/54113-leumettik-infrakurylymnyn-turakty-damu-mehanizmderi> (ajnalym merzimi 08.05.2018).
- 5 Promyshlennost', sel'skoe hozjajstvo i stroitel'stvo Kazahstana za 1920-2000 gody. Stat. sb. Komiteta po statistike MNJe RK. - Almaty, 2001.- 112 s.
- 6 Қазақстанның demografijalyқ zhylnamalyfy. Қазақстан Respublikasy Ұltтық jekonomika ministrligi Statistika komiteti. - Astana, 2016.- 195 b.
- 7 Fathullina L.Z. Social'naja infrastruktura i osnovnye puti ee sovershenstvovaniya. [Jelektrondықresurs].- 2011.-URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sotsialnaya-infrastruktura-sela-i-osnovnye-puti-ee-sovershenstvovani> (ajnalym merzimi 07.02.2018)